



Бекітілді

№10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақпасы
директоры: Р.Ұ.Бағытова
№1.1 кезектен тыс педагогикалық
кеңес шешімі 19.09.2022ж

2022–2023 оқу жылы ортаңғы «Гүлдер» тобына арналған
«Ертегілер әлемінде» вариативтік компонентінің
ұйымдастырылған жылдық жоспары

Ортаңғы топтарына арналған вариативтік компонент «Ғажайып ертегілер әлемінде»

Түсіндірме жазба

Оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы

12 тамыздағы № 499 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығының 1-қосымшасы) және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып құрылды. Оқу жоспары 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналып жасалды. Оқу жоспары балабақшаның 2022 жылғы 19 қыркүйекте өткізілген №1.1 кезектен тыс педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып, бекітілді.

Мектепке дейінгі жас балалардың қабілеттілігін, бейімділігін және сондай-ақ тілінің дамуына өте оңтайлы кезең. Мектеп жасына дейінгі балалардың театрландырылған іс-әрекеттерін ұйымдастыру балалар шығармашылығын және білім алудың жаңа қабілеттері мен дағдыларды үйренуге жағдай жасаумен қатар, баланың өмірде өзінің тиісті орнын табуға көмектеседі, өзін-өзі көрсете білуге ықпал жасайды. Әр түрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады. Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне қарай берілетін ертегілердің мазмұны әсерлі көңіл-күйді білдіре отырып, сезіне білуге үйретеді. Әр баланы жеке тұлға ретінде, оның шығармашылық әуелетін, қабілеттілігі мен қызығушылықтарын дамыту мақсатында құрылған. Жылына 36 сағат.

Мақсаты: Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту. Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу. Театрлық іс әрекетті, ертегілерді пайдалана отырып ойын дамыту.

Міндеттері: Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын дамыту. Балаларды адамгершілікке баулу, нақты сөйлеуге, салмақты ой айтуға баулу. Баланың қиялын есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру. Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: Театр, оның түрлері туралы түсініктері болады, сөздік қоры молаяды. Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіріледі.

Ортаңғы топтарына арналған вариативтік компонент «Ғажайып ертегілер әлемінде»

№	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс тәсілі	Көрнекіліктері	Саны
1	Ертегімен танысу	Ертегілер туралы түсінік беру.Сұрақтарға жауап беруге диалогты әңгімелесуге үйрету	1.Д/о:«Бұл қандай ертегі?» 2.Суреттермен әңгіме 3.Сұрақ-жауап 4.Қорытынды	Кітапшалар мен бейне таспалар,ертегі суреттері	1
2	«Шалқан ертегісі» Әңгімелеп айтып беру	Балаларды ертегі кейіпкерлерінің әрекеттерін жүріс қимылдарын талдауға айта білуге	1. Д/о:«Бұл қандай ертегі?» 2.«Шалқан»ертегісін айту 3.Ертегі бойынша сұрақ-жауап 4.Қорытынды	Кітапшалар мен бейне таспалар,ертегі суреттері	1
3	«Шалқан» ертегісін суретпен көрсету	Сөйлеу арқылы сөздік қорларын көбейту.Ертегі мазмұнын түсінуге кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға көмектесу	1.Д/о:«Бұл қай кейіпкер?» 2.«Шалқан»ертегісін суретпен әңгімелеу 3.Балалармен жұмыс 4.Қорытынды	Слайд арқылы таныстыру,ертегі суреттері	1
4	«Шалқан»ертегісін қуыршақ театры арқылы көрсету	Қуыршақ театры арқылы ертегі кейіпкерлерін есте сақтау және оларды атай білуге үйрету.	1.Д/о:«Бұл кім?» 2.Қуыршақ театры арқылы ертегіні көрсету 3.Сұрақ-жауап 4.Қорытынды	Кейіпкерлер суреті,қуыршақ театры кейіпкерлері,ширма	1
5	«Шалқан»ертегісіндегі кейіпкерлердің дауысын келтіріп оқып беру	Ертегідегі іс әрекетті түсіндіру,кейіпкерлердің іс әрекеттерін,дауыс ырғақтарын келтіре айтуға үйрету.Сөздерді анық айтуға үйрету.	1.Д/о: «Дауысынан таны» 2.Ертегіні ролдерге бөліп оқу 3.Сұрақ- жауап 4.Қорытынды	Ертегі,қуыршақтар, ширма	1
6	«Шалқан»ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету	Ертегідегі тындауға үйрету. Кейіпкерлердің іс қимылдарына баға беруге үйрету.Есте сақтау қабілеттерін дамыту.Көркем сөйлеу қабілеттерін дамыту.	1.Д/о: «Бұл қандай ертегі?» 2.Үстел үсті театры арқылы ертегіні көрсету 3.Сұрақ -жауап 4.Балалармен көңілді би	Үстел үсті театрына арналған атрибуттар,кейіпкерлер	1
7	«Арыстан мен тышқан»ертегісімен таныстыру	Балаларды ертегімен таныстыру.Ертегіні оқып беру.Ертегі мазмұнымен таныстыру.Тіл байлықтарын нығайту. Қызығушылықтарын арттыру.Ертегіге	1.Д/о: «Бұл қандай ертегі?» 2.Балаларды ертегімен таныстыру 3.Сұрақ -жауап 4.Балалармен көңілді ән	Кейіпкерлер суреті,ертегі суреттері,ұнтаспа	1

		баға беруге үйрету.			
8	«Арыстан мен тышқан»ертегісін көлеңке театры арқылы көрсету	Ертегіні көлеңке театры арқылы балаларға көрсету.Татулыққа,мейірімділікке,тәрбиелеу.Кейіпкерлердің іс әрекеттерін мазмұндап беруге үйрету	1.Балаларды көлеңке театрымен таныстыру 2.Ертегіні көлеңке театрында көрсету 3.Сұрақ-жауап 4.Қорытынды	Көлеңке театры атрибуттары	1
9	«Арыстан мен тышқан»ертегісін қуыршақ театры арқыл көрсету	Ертегідегі іс әрекетті түсіндіру. Қуыршақ театры арқылы балаларға дауыс ырғағына келтіре айтуға дағдыландыру.Арыстанмен тышқан арасындағы қарым қатынасты көрсету	1.Д/о:«Бұл қандай ертегі?» 2.Қуыршақ театры арқылы ертегіні көрсету 3.Сұрақ-жауап 4.Қорытынды	Қуыршақ театры кейіпкерлер	1
10	«Арыстан мен тышқан»ертегісін сахналау	Арыстанмен тышқан арасындағы қарым- қатынасты ажыратуға, сахнада орындауға үйрету.Ертегі кейіпкерлерінің дауыс ырғақтарын, дұрыс келтіре сахналауға үйрету.	1.Балаларға сахналау туралы әңгімелесу 2.Рольге бөлу 3.Ертегіні сахналау 4.Көңілді би	Үнтаспа, кейіпкер киімдері,ертегі мазмұны,суреттері	1
11	«Айлакер түлкі» ертегісін әңгімелеу	Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкерлер бейнесі арқылы, адамгершілік қарым қатынас әлемімен таныстыру.	1.Балаларды ертегімен таныстыру 2.Ертегіні әңгімелеп беру 3.Сұрақ-жауап 4.Д/о: «Бұл қандай ертегі?»	Ертегі суреттері,ертегі мазмұны,ойын суреттері	1
12	«Айлакер түлкіні» қуыршақ театры арқылы көрсету	Шығарма мазмұнын түсінуге, кейіпкерлер іс әрекетін бағалауға олар жайлы әңгімелеуге кейбір адамгершілік қасиеттерге сипаттама беруге үйрету.	1.Д/о:«Бұл қандай ертегі?» 2.Қуыршақ театры арқылы ертегіні көрсету 3.Сұрақ-жауап 4.Қорытынды	Ширма, үнтаспа кейіпкерлер қуыршақтары	1
13	«Айлакер түлкі» ертегісінің кейіпкерлерінің сөзін жаттау	Көркем сөйлеу қабілетін дамыту. Тіл байлығын молайту.Ырғақты келтіріп айтуға үйрету.	1.Ертегіні әңгімелеу 2.Ертегі кейіпкерлерінің сөздерін жеке айтқызу 3.Д/о: «Бұл қандай ертегі?» 4.Қорытынды	Ертегі мазмұны,ертегі кейіпкерлерінің суреттері	1
14	«Айлакер түлкі»ертегісін қасық театры арқылы әңгімелеу	Есте сақтау қабілеттерін нығайту. Ертегі кейіпкерлердің іс- қимыл дарын,дауыс ырғақтарын келтіре орындауға үйрету.	1.Қасық театр түрімен таныстыру 2.Ертегіні әңгімелеу 3.Сұрақ – жауап 4.Қорытынды	Қасық театры, ертегіге байланысты кейіпкерлер суреттері	1
15	«Маша мен аю» ертегі оқу	Ертегінің кейіпкерлерінің әрекетін, сөзін дауыс ырғақтарына келтіре айта білуге үйрету.	1.Ертегіні әңгімелеу 2.Ертегі кейіпкерлерін ажырату 3.Д/о: «Бұл қандай ертегі?» 4.Қорытынды	Кейіпкерлердің суреттері,ертегі мазмұны,ойынға арналған суреттер	1

16	«Маша мен аю» ертегісін сахналау	Ертегі кейіпкерлердің іс әрекеттерін нақышына келтіре айта білуге үйрету. Ертегілерге деген қызығушылығын арттыру.	1.Балаларға сахналау туралы әңгімелесу 2.Рольге бөлу,сөздерін қайталау 3.Ертегіні сахналау 4.Көңілді би	Орман,сахналауға арналған кейіпкерлер киімі, ұнтаспа	1
17	«Маша мен аю» ертегісін мультимедия арқылы көрсету	Кейіпкерлердің іс әрекеттерін әңгімелеу арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. Ертегіні мультимедия арқылы қарауға қызығушылықтарын арттыру.Ертегілерге деген қызығушылығын арттыру.	1.Көңілді би 2.Ертегіні мультимедия арқылы көрсету 3.Ертегі бойынша сұрақ-жауап 4.Қорытынды	Мультимедия, ұнтаспа	1
18	«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін оқу	Ертегіні оқу,тіл байлықтарын молайту, ертегінің мазмұнын, дауыс ырғағын келтіре айтуға жаттықтыру,қиын кезде достарына көмектесуге тәрбиелеу.	1.Балаларды ертегімен таныстыру 2.Ертегі желісі бойынша сұрақтар 3.Д/о: «Бұл қандай ертегі?» 4.Қорытынды	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері,ертегі мазмұны	1
19	«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін сурет арқылы көрсету.	Сөйлеу арқылы сөздік қорларын көбейтіп, еркін сөйлеуге тәрбиелеу.	1.Д/о:«Бұл қай кейіпкер?» 2.«Қасқыр мен жеті лақ»ертегісін суретпен әңгімелеу 3.Балалармен жұмыс 4.Қорытынды	«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі бойынша суреттер,ертегі мазмұны	1
20	«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету.	Ертегіні балаларға үстел үсті арқылы көрсету.Ертегі мазмұнын еске түсіру арқылы ондағы жағымды жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білуге тәрбиелеу.	1.Д/о: «Бұл қандай ертегі?» 2.Үстел үсті театры арқылы ертегіні көрсету 3.Сұрақ -жауап 4.Балалармен көңілді би	Театр кейіпкерлері, үстел үсті театрына арналған атрибуттар	1
21	«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін мультимедия арқылы көрсету.	Балаларға мультимедия көрсету арқылы балалардың ойларын дамыту сөздік қорларын кеңейту.Ертегіні түсінуге,қызықтауға үйрету.	1.Көңілді би 2.Ертегіні мультимедия арқылы көрсету 3.Ертегі бойынша сұрақ-жауап 4.Қорытынды	Мультимедия, ұнтаспа	1
22	«Қызыл телпек» ертегісін оқу	Ертегінің мазмұнын түсінуге,кейіпкерлердің әрекетін бағалауға көмектесу.	1.Балаларды ертегімен таныстыру, оқу 2.Ертегі желісі бойынша сұрақтар 3.Д/о: «Бұл қандай ертегі?» 4.Қорытынды	Кейіпкер суреттерін слайд арқылы көрсету	1

23	«Қызыл телпек» ертегісін мультимедия арқылы көрсету.	Балаларға ертегіні мультимедия арқылы көрсете отырып,қызығушылықтарын арттыру.Адамгершілікке,үлкенді құрмет теуге тәрбелеу.	1.Балалармен көңілді би 2.Ертегіні мультимедия арқылы тама шалау 3.Ертегі бойынша сұрақ-жауап 4.Қорытынды	Мультимедия, мультфильм таспасы,ұнтаспа	1
24	«Қызыл телпек» ертегісін саусақ театры арқылы көрсету	Балаларды саусақ театрымен таныстыру.Ертегіні саусақ театры арқылы көруге қызығушылығын арттыру.Балалардың ертегіге деген сүйіспеншілігін арттыру.	1.Саусақ театры арқылы ертегіні көрсету 2.Д/о: «Бұл кім немесе бұл не?» 3.Ертегі бойынша сұрақ-жауап 4.Әуенді жаттығулар	Саусақ театрына арналған құралдары,ертегі мазмұны,суреттер	1
25	«Қызыл телпек» ертегісін сахналау.	Сахналауға қимыл қозғалыстарын, дауыс ырғақтарын келтіре білуге дағдыландыру.Ертегіге қызығушылықтарын арттыру	1.Балалармен ертегіні еске түсіру 2.Рольге бөлу,сөздерін қайталау 3.Ертегіні сахналау 4.Көңілді би	Сахналауға арналған ертегі кейіпкерлерінің киімі,ұнтаспа.	1
26	«Қызыл телпек» ертегісін қуыршақ театры арқылы көрсету.	Балаларға ертегіні қуыршақ театры арқылы көрсету.Ертегіге деген сүйіспеншілігін арттыру,кейіпкерлерге баға беруге үйрету.	1.Д/о:«Бұл қандай ертегі?» 2.Қуыршақ театры арқылы ертегіні көрсету 3.Сұрақ-жауап(ертегі желісі бойынша) 4.Қорытынды	Ертегі бойынша қуыршақ театрының атрибуттары	1
27	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру,слайдпен көрсету.	Ертегіні оқып беру арқылы слайдпен көрсету.Сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.Еңбекқорлыққа достыққа,кішіпейлікке тәрбиелеу.Сөздік қорларын көбейту.	1. Ертегімен таныстыру,оқу 2.Ертегі желісі бойынша сұрақтар 3.Д/о: «Бұл қандай ертегі?» 4.Слайд арқылы ертегіні тамашалау	Ертегі бойынша слайд,суреттер,ертегі мазмұны	1
28	«Бауырсақ»ертегісін сахналау.	Ертегіні сахналауға дағдыландыру.Қимыл қозғалыстарын дауыс ырғақтарын келтіруді үйрету.	1.Сұрақ-жауап арқылы ертегіні еске түсіру 2.Рольге бөлу,сөздерін қайталау 3.Ертегіні сахналау 4.Көңілді би	Сахналауға арналған кейіпкерлердің киімі, ұнтаспа	1
29	«Бауырсақ» ертегісін көлеңке театры арқылы көрсету.	Балаларға көлеңке театры арқылы ертегі кейіпкелерін сипаттауға үйрету.Есте сақтау қабілетін нығайту.Достық қарым қатынасты нығайта білу.	1.Д/о: «Бұл қандай ертегі?» 2.Ертегіні көлеңке театрында көрсету 3.Сұрақ-жауап 4.Қорытынды	Ертегі суреттері, көлеңке театрына арналған атрибуттар	1
30	«Бауырсақ» ертегісін рөлге	Сөйлеу арқылы сөздік қорларын көбей	1.Сұрақ-жауап арқылы ертегіні еске	Сахна кейіпкерлер	1

	бөліп ойнау.	ту есте сақтау қабілетін нығайту.Еңбек қорлыққа тәрбиелеу.Үлкенді сыйлауға үйрету.Тілдік қорларын көбейту.	түсіру 2.Рольге бөлу,сөздерін қайталау 3.Ертегіні сахналау 4.Көңілді би	киімі,ұнтаспа	
31	«Үш аю» ертегісін оқу	Балаларға үш аю ертегісін оқып беру,ертегіге баға беруге үйрету.Сұрақтар қою арқылы толық жауап беруге ұмтылдыру	1.Балаларды ертегімен таныстыру,оқу 2.Ертегі желісі бойынша сұрақтар 3.Д/о: «Бұл қандай ертегі?» 4.Қорытынды	Ертегі желісі бойынша суреттер	1
32	«Үш аю» ертегісін суретпен әңгімелеу	Балаларға ертегіні әңгімелей отырып сурет бойынша ертегі айтуға үйрету.Кейіпкерлердің іс әрекетіне сипаттама беру. Татулыққа, жақсылыққа тәрбиелеу.	1.Балалармен әңгіме 2.Ертегі желісі бойынша сұрақ-жауап 3.Ертегіні әңгімелеу 4.Көңілді би	Ертегі желісі бойынша суреттер	1
33	«Үш аю» ертегісін сахналау.	Балаларға ертегінің мазмұнын түсіндіре отырып, сөздік қорларын молайту. Өзі не берілген рөлді дұрыс, дауыс ырғағын келтіре ойнауға қызығушылығын арттыру.Балаларды адамгершілікке,адалдыққа,бірін-бірі сыйлауға тәрбиелеу.	1.Д/о: «Бұл қандай ертегі?» 2.Ертегіні көлеңке театрында көрсету 3.Сұрақ-жауап 4.Қорытынды	Сахна кейіпкерлер киімі,ұнтаспа	1
34	«Үйшік» ертегісін саусақ театры арқылы көрсету	Балаларды «Үйшік»ертегісімен таныстыру.Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы,сөздік қорын,сөйлеу мәдениетін,ойлау қабілетін дамыту.Балаларды достыққа,татулыққа тәрбиелеу.	1.Ертегіні әңгімелеу 2.Саусақ театрында көрсету 3.Сұрақ-жауап 4.Көңілді әуенмен жаттығулар	Ертегі желісі бойынша суреттер,Үйшік үйі,андар	1
35	«Үйшік» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету.	Балалардың тілін дамыту,сөйлеу мәдениеті мен ой өрісін,дүниетанымын жетілдіру.Балаларды адамгершілікке баулу,ойлаған ойын нақты жеткізе алу.Баланың қиялын, есте сақтау қабілетін дамыту. Өз шығармашылығынан әңгіме,ертегі шығарып айтуға дағдыландыру.	1.Д/о: «Бұл қандай ертегі?» 2.Үстел үсті театры арқылы ертегіні көрсету 3.Сұрақ -жауап 4.Балалармен көңілді би	Үстел үсті театры,ертегі кейіпкерлері	1
36	«Үйшік» ертегісін қуыршақ театры арқылы көрсету	Балалардың тілін дамыту,сөйлеу мәдениеті мен ой өрісін,дүниетанымын жетілдіру.Баланың қиялын, есте сақтау қабілетін дамыту.	1.Д/о:«Бұл қандай ертегі?» 2.Қуыршақ театры арқылы ертегіні көрсету 3.Сұрақ-жауап(ертегі желісі бойынша) 4.Қорытынды	Қуыршақ театрына арналған қуыршақтар	1